



Дисграфия

ОРЫДАҒАН: МУСАБЕК Ш.

ТЕКСЕРГЕН: ЖАКАНБАЕВА Б.

Дисграфия-

жазу қабілетінің бұзылуы, грамматикалық ережелерді білгенімен сөздерді, сөйлемдерді қате жазады.

Дисграфиялық қателердің ерекшеліктеріне жататындары:

Ерекше фонетикалық алмастырулар. Бұл қателер сөйлеу мүшелерінің және әуезінің нәзік белгілерімен ғана айыруға болатын бір топқа жататын дыбыстарды айыруының жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұған ысқырық және ызың, ұяң және қатаң, жуан және жіңішке, Р және Л дауыссыз дыбыстарды алмастыру және орындарын жаңылыстыру, сонымен бірге, дауысты дыбыстарды да алмастыру жатады.

Сөздің буындық құрлысының бұзылуы. Бұған дыбыстарды ажыратуды және бөлуді ғана емес, сонымен бірге олардың жүйелілігін анықтауды да білмеуі жатады. Бұнда жекелеген дыбыстарды және тұтас буындарды түсіріп қалдырады, дыбыстардың немесе буындардың орынын ауыстырады, бір сөзді бөліп екі сөзді қосып жазады.


Грамматикалық қателері

- ▶ Бұл қателер жазылуының грамматикалық жағының қалыптасу барысының жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл жалғаулардың, көмекші сөздердің, септік жалғауларының түсіп қалуы немесе дұрыс қолданылмауы.



Графикалық қателер.

Әріптердің жазылуындағы ұқсастықтар (И-дің орнына Ш жазу, Л-әрпінің орнына М жазу және жазылуындағы белгілері бойынша Б-ның орнына Д жазу, т.б.)



Дисграфия мен дислексиясының пайда болуы фонематикасының толық дамымауының есебінен екендігі ғылыми түрде дәлелденген.

- ▶ Мектепте оқитын ересек және орта жастағы балалардың арасындағы ең көп тарағаны дыбыстарды бұзып айту ақаулықтары. Бұл топқа жататын есту қабілеті дұрыс балалар жеке дыбыстарды, бір немесе бірнеше топтағы (ызың, ызың және ысқырық, ызың және аффрикаттар) дыбыстарды дұрыс айта алмайтыны байқалады. Бұл балалардың сөйлеу тілінің дыбыстар жағын мұқият тексерген кезде солардың ішіндегі кейбіреулерінің дыбыстарды айтуы сөздің құрамындағы буындық ырғақтың, дыбыстық түсінігінің барлық элементтерінің жиынтығының қалыптаспағандығын көрсетті. Бұл сияқты ауытқулардың ерекшеліктері оқу мен жазу дағдыларын меңгеруіне қауіпті.

Дыбыстарды шатастыру.

- ▶ Бұл көптеген дыбыстардың әр түрлі сөздерде қолдануының тұрақсыздығын сипаттайды. Бала бір дыбысты бір сөзде дұрыс қолданады да, ал оны басқа сөзде сол дыбысқа әуезі жағынан немесе айтылуы жағынан ұқсас дыбыспен қатар келсе алмастырып жібереді. Мысалы: Р, Л немесе С дыбыстарын жеке түрінде дұрыс айтады да, ал сөйлегенде ауыстырып шатастырады.

Тіл кемістігі

- ▶ Дыбыстардың алмастырулар мен шатастыруларынан басқа да айтылуында кемістіктер кездеседі. (Р дыбысын қырылдап, С-ны тіл арасымен айту) ФФТД-ын түзету жұмыстары:

Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.

Фонематикалық есту
қабілетін жетілдіру

Дыбыстық талдау мен
жинақтау қабілеттерін
дамыту;

Сөйлеу тілінің лексико-
грамматикалық жағын
жетілдіру

Сөздік қорын толықтыру.

А. Фонематикалық есту қабілетін дамыту.

Фонематикалық қабылдауын дамыту: (дыбысты қабылдауын)

- ▶ - берілген дыбысты басқа дыбыстар арасынан анықтау;
- ▶ - сөз арасынан берілген буынды анықтау;
- ▶ - пароним сөздерге тиісті суреттерді көрсету (қаз-қас, қара-қала, баға-бақа);
- ▶ - буын тіркестерін қайталау (та-да-та, ас-аш-ас);

Б. ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ МЕН ЖИНАҚТАУ:

- ▶ - сөздің басындағы дауысты дыбыстарды ажырату, бөліп айту;
- ▶ - сөздің басындағы, соңындағы дауыссыз дыбыстарды бөліп айту (қол, мал, ат, от сияқты сөздерді жабық буынды талдау және жинақтау);
- ▶ - сөздегі дауысты дыбыстың орнын анықтау кезеңі;
- ▶ - ашық буынды, бір буынды сөздерді талдау, жинақтау;
- ▶ - сөздегі дыбыстардың санын, реттілігін анықтау (мыс: қар-3 дыбыс).

В. Фонематикалық түсінігін, ұғымын дамыту:

- ▶ - берілген дыбысқа суреттерді таңдап алу;
- ▶ - берілген екі дыбысқа қарай суреттерді екі бағанаға бөліп қою;
- ▶ - 3,5,6 дыбыстардан сөздер құрастыру.